

Thus, these interactive technologies will make vocabulary teaching more interesting for students, which will motivate them to cognitive activities and consequently positively affect the quality of new lexis mastery. It will intensify the process of learning in general, reducing the time spent on full mastery of new material almost twice. And in a long-term perspective, such technologies contribute to making students independent learners and critical thinkers.

In conclusion, we may say, that modern globalization processes, involving the exchange of ideas and specialists in abundant spheres, demand intensification of foreign language teaching, inter alia enhancing learners' lexical minimum. Thus, the application of most productive technologies in teaching vocabulary provides infinite opportunities for foreign language mastery.

References:

1. The instructional and methodical letter "ABOUT THE SPECIFICS OF ORGANIZATION OF TEACHING AND EDUCATIONAL PROCESS IN ORGANIZATIONS OF SECONDARY EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN 2019-2020 ACADEMIC YEAR"
2. A new glossary of methodological terms (the theory and practice of language teaching). M.: IKAR. – 2009. – pp. 108-143.
3. Cynthia J., Brame (n.d.) Flipping the Classroom. Retrieved February 2016 from Vanderbilt University.
4. Berett D. (2012). How flipping the classroom can improve the traditional lecture. The Chronicle of Higher Education.
5. Dolgorukov A. M. The case-study method as the modern technology of professional orientated teaching. – 13p.
6. Orlov A.A. Technologies of the evaluation of the education process at university in the framework of competence approach. Moscow-Berlin: DirectMEDIA. – 2017. – 35p.

**Атикей А.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, дене мәдениеті және спорт факультеті, ДМЖС-31 табы студенті  
(*Ғылыми жетекшісі - п.ғ.к., профессор Бәжиг Ж.*)

### **АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫғындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ОЙЫНДАРЫНЫҢ ОРНЫ**

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұраларында қазақ халқының қоғамдық өмірінің, оның мәдениеті мен тұрмысының барлық жағын қамтиды. Демек, Абай Құнанбайұлы шығармаларында қазақ халқының бүкіл өмірлік әдет-ғұрпының ажырамайтын бөлігі – ұлттық спорт ойындары мен сауықтарына маңызды орын берілген.

Қазақ халқының ұлы ойшылы Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» - деп айтқандай балаңыз өмірінде ойын ерекше орын алады[1].

Абай өмір сүрген дәуірде спорттық ойындар қазақтардың қоғамдық және мәдени өмірінде үлкен орын алған. Қазақ халқының көшпелі өмір салтына байланысты қоныс аударуларына байланысты түрлі жарыстар өткізіліп отырған. Бұндай ірі жарыстарға көптеген тамалаушылар жиналатын. Атақты палуандар шабандоздар, мергендердің өнерлерін әркімнің көргісі келетіні анық. Ұлттық спорт ойындарының адамның өсуіне және денесінің шынығуында маңызды орны бар екенін Абай жақсы білген. Сонымен қатар спорттық жарыстарда көрініс табатын жат жағдайдарды да көрмей қойған жоқ.

Кейде осындай жарыстарда таптық, рулық жанжалдар туындап, онда әділдік емес күш жеңіске жететін. Абай Құнанбайұлының шығармаларында қарапайым халықтың ержүректігін, адалдықты жақтап арсыздықты жек көретінін жырлайды. Абай өзі халықтың көптеген ұлттық спорт ойындарын жақсы көрді. Қазақтың ұлттық ойындары ерікті, өжеттікті, батылдықты, шапшаңдықты, байсалдылықты т.б мінез – құлықтың ерекшеліктерімен бірге күш – қуат молдығын, білек күшін, дененің сомдылығын, шынығуын, қажет етеді.

Сонымен бірге бұл ойындар әділдік пен адамгершіліктің жоғарғы қағидаларына негізделген. Сондықтан қазақтың ұлттық ойындары тек ойын-сауықтық жағынан ғана маңызды емес, ол – спорт, ол - өнер, ол – шаруашылық тәрбиелік маңызы бар тәрбие құралы.

Қазақтың ұлттық ойындары: аламан бәйге, көкпар, сайыс, күрес, теңге алу, қыз қуу, жамбы ату спорттық сипатпен бірге үлкен тәрбиелік маңызға әрі қазақтың ұлттық спорт ойындар – бұқаралық маңызға ие.

Абай Құнанбайұлының шағармашылығында қазақ халқының спорт ойындарының ішіндегі ат спорт ойындарының орны ерекше екені сөзсіз. Ендеше кейбір ат спорт ойындарына кеңірек тоқталар болсақ:

Абай Құнанбайұлы мысалы. Бәйге туралы: «Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артында неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш? Енді жұбаныш – жалғыз біз бе?» деп жазады.

Абай адамдарды жақсы болуға, жақсы қасиеттегі алуға, жақсыларға теңелуге шақырады. Абай спорттық жарыс кезінде орын алатын пайдақорлықты, күншілдікті айыптады. «Бәйгеге ат қосасың, атыңды тартыспай тұрған ағайын, атың келсе бәйгесіне өкпелей тұғыны қалай?» дейді. Абай спорт- кіршіксіз таза болу керек деп үйретеді. Абай «Әсемпаз болма әр неге» деген өлеңінде:

Пайданы көрсен бас ұрып,  
Мақтанды іздеп қайғы алма.  
Мінінді ұрлап жасырып,  
Майданға түспей бәйге алма [2].

Осы өлеңі арқылы төрешілермен спорттық ойынға қатуысушы спортшыларды адалдықпен әділдікке шақырады.

Абай аңшылық туралы «Жаз» атты өлеңінде:

Мылтық атқан, құс салған,  
Жас боз бала бір бөлек  
Су жағалап қутындап.  
Қайырып салған көк құсы  
Көтеліле бергенде,  
Қаз сыпырса жарқылдап – деп [2]

саяткерлік өнерді өлеңіне арқау етсе, ал құс салу (саятшылық)- аң аулайтын құстарды салудың бірнеше түрі бар. Олар бүркіт салу, қаршыға салу, ителгі салу, сұңқар салу, ит жүгірту.

Олардың ішіндегі халық арасына ең көп тарағаны бүркіт салу. Бүркіт – түлкінің қас жауы, ол тіпті бабы келесе арланды да алудан тайынбайды. Бүркітпен аң аулаудың тек спорттық жағы емес, сонымен бірге кәсіптік жағы да бар.

Абай Құнанбайұлының шығармашылығында құс салуға байланысты өлеңі «Бүркітші», ал 1882 жылғы жазған «Қан сонарда бүркітші шығады аңға» деген белгілі өлеңінде саятшылыққа Абайдың көзқарасы тамаша суреттеледі.

Қансонарда бүркітші шығады аңға,  
Тастан түлкі табылар аңдығанға.  
Жақсы атпен тату жолдас бір ғанибет,  
Ыңғайлы ықшам киім аңшы адамға.  
Сылаң етіп жолықса қайтқан ізі,  
Сағадан сыпсың етіп із шалғанда.  
Бүркітші тай басында, қауушы ойда,  
Іздің бетін түзетіп аңдығанда.  
Томағасын тартқанда бір қырымнан,  
Қыран көзі көріп самғағанда-  
Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,  
Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға.  
Кере тұра қалады қашқан түлкі,  
Құтылмасын білген соң құр қашқанға...  
Қырық пышақ қылжындап тұрған түлкі-  
О да осал жау емес қыран паңға.  
Сегіз найза қолында, көз аудырмай,  
Батырда аял қылмайды ертең таңға.  
Қанат, құйрық суылдап, ысқырады,  
Көктен қыран соғылып құйылғанда.  
Жарық-жұрқ етіп екеуі айқасады,  
Жеке батыр шыққандай қан майданға.  
Біреуі - көк, біреуі - жер тағысы,  
Адам үшін батысып қызыл қанға...

Құсы да иесіне қоразданар  
Алпыс екі айлалы түлкі алғанда.  
«Үйірімен үш тоғыз», - деп жымыңдап,  
Жасы үлкендер жанына байлағанда...  
Көкіректе жамандық аш ниет жоқ,  
Аң болады кеңесің құс салғанда.  
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген  
Бір қызықты ісім екен сұм жалғанда.  
Көкірегі сезімді, көңілі ойлыға  
Біріде анық тұрмай ма ойлағанға?  
Ұқпассың үстірт қарап бұлғақтасаң  
Суреттің көре алмасың, көп бақпасаң.  
Көлеңкесі түседі көкейіңе,  
Әр сөзін бір ойланып, салмақтасаң.  
Мұны оқыса жігіттер, аңшы оқысын,  
Біле алмассың, құс салып дәм татпасаң [2]

Яғни саяшылық өнердің тек бой сергітіп, серуендеу ғана емес халықтық тәрбие құралы екендігін анық сөз етеді. Ал, мына өлеңінде:

Қыран біркін не алмайды – салса баптап,  
Жұрт жүр ғой күйкентаймен қарға сақтап.  
Қыран шықса қияға, жібереді  
Оларда да екі құсын екі жақтап.  
Қаркылдап қарға қалмас арт жағынан,  
Күйкентайы үстінде шыкылықтап.  
Өзі алмайды, қыранға алдырмайды,  
Күні бойы шабады бос салақтап  
Тиіп-шығып, ыза қып, ұстатпаса,  
Қуанар иелері сонда ыржалақтап.  
«Не таптық мұныменен?» - деген жан жоқ,  
Түні бойы күпілдер құсын мақтап.  
Басқа сая, жанға олжа дөмене жоқ,  
Қайран ел осымен жүр далақтап - саяткерлік арқылы адамдар

арасындағы қарым – қатынасты шебер суреттейді [2].

Абай Құнанбайұлы өзі тоғызқұмалақ ойынын жақсы ойнай білген. Тоғызқұмалақ ойынның шеберлігін көрсету үшін халықтың ертеден келе жатқан осы ойынымен әуестенушілер, оны жете білетінде Абай ауылынна жиы жиналатын болған. Өз көзімен көрген адамдардың естеліктерінде қолайлы жағдайда тоғызқұмалақ ойынын ұйымдастырып жіберу үшін Абай қажетті жабдықтардың бәрін өзімен бірге ала жүретін болған.

Қазақтың ұлт ойындары бір қыдыруы ойлануды қажет етеді. Олар негізінен логикалық мен математикалық, философиялық ойлануды дамытуға негізделініп жасалғандай. Терең ойды талап ететін, ойнасаң қызығына шебер тоймайтын, халық даналығы қалдырған ойындардың төресі - тоғызқұмалақ.

Шығыс халықтарының әдеттегі дәстүрімен айтқанда тоғызқұмалақ ойынның жүрісі оңнан солға қарай бағытталады, демек батыстың дәстүріне яғни сағат тілінің бағытына қарсы жүреді. Құмалақ салынған тоғыз отаудың әрқайсысының өз атаулары бар. Сол жағынан шеткі яғни бірінші отау – «таңдық», екінші отау- «көшпелі», үшінші отау - « атөтпес», төртінші отау – «атсұратар», бесінші отау – «бел», алтынша отау – «белбасар», жетінші отау – қандықақпан», сегізінші отау – «көкмойын», тоғызыншы отау – «маңдай» [3].

Тоғызқұмалақта есептей білудің маңызы зор. Кім есепке жүйрік болса сол ұтады. Ойын үстінде адамның ойлау қабілеті, тапқылығы, есептегіштігі, түрлі тәсілдерді қолдана білу ерекшелітері анықталады. Бұл өте құнды қасиеттер.

Абай Құнанбайұлы ұлттық спорт ойындарына сауықтарына өз көзқарасын білдірген қазақ халқының жеке өкілдерінің бірі. Абай Құнанбайұлы осы тақырыпқа арналған шығармалары қазақ халқының мәдениетінің ажырамайтын бөлігі болып табылатын ұлттық спор ойындары мен ұлттық түрлерінің тарихын қалпына келтіруге жәрдемдесетіні анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абай. Қалың елім қазағым: Шығалмалары.- Алматы, Жалын,-1995 ж.
2. Құнанбайұлы, Абай Шығармалар. – Алматы: «Мөр» МШК, 1994.- 415 б.
3. Абишев К.С., Теміров Н.Б. Қазақтың ұлттық спорт түрлері.–Алматы: 2014.-139 б.

**Бақытжан Б.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, педагогикалық факультеті, БӨЖС – 21 тобы, студент  
(*Ғылыми жетекші – п.ғ.к., доцент Манабаева А.Ш.*)

## **ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОБА КӨРКЕМ ЕНБЕК САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Қай халықтың да өнеріне, бейнелеу мәдениетіне байыптап көз салсақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз. Осы тұрғыдан алғанда ою-өрнек өнері – қазақ халқының өмір тіршілігінде айрықша орын алып, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғаса дамып келе жатқан өнер түрі десек те болады.

Ою деген сөзбен өрнек деген сөздің мағынасы бір. Бұл сөздің ұғымында бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына жатады. Қазақ көбінесе бір өрнекке салып қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын, сондай-ақ барлық қошқар мүйіз өрнектердің де ою дейді. Ал өрнек дегеніміз әр түрлі ою, бедер, бейненің, күйдіріп, жалатып, бояп, батырып, қалыптап істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауы іспеттес. Сондықтан көбінесе ою-өрнек деп қосарланып айтыла береді.

Тәуелсіз мемлекеттер Одағының елдері бойынша ою - өрнектің шығу тегі, дамуы, симантикасы, жасау техникасы, құрылысы, классификациясы, қолданылуы жөніндегі деректер, зерттеулер халықтық тарихы, этнографиясы, фольклоры, қолөнері тұрғысынан жарық көрген біраз еңбектер қарастырылған. Қазақ халқының ою-өрнек өнерінің шығу тегі ежелгі тас дәуіріне келеді.

Міне сол кезеңдегі бұйымдарда бейнеленген белгі таңбалардың 17-19 ғасырдағы қазақ халқының қолөнерінде кездесетін ою - өрнектерге өте ұқсас екендігі ғалымдардың еңбектерінде дәлелденген.

Саңғыру қорымынан қазып алынған қым ыдыстарында бейнеленген крест бейнесі, дөңгелектер қазақтардың киіздеріне салынатын өрнектерді еске түсіреді. Қарқаралы алқабының Шортанды бұлақ қонысынан табылған айшық түймелер, жылқының сүйегінен ойып жасалған ромб, үшбұрыш тәрізді өрнектер қазақ халқының кейінгі дамыған қолөнер туындыларында жиі қолданылады.

«Қошқар мүйіз» - қазақ халқының ең байырғы оюларының бірі, қазірде қолөнер туындыларының барлық түріне салынады.

Осы оюдың Андронов мәдениеті ескерткіштерінде бейнеленгендігі жөнінде Қ.Ақылов: «Қазіргі қазақтар мен андроновтық тайпалар арасын 3000 жылдан астам уақытшымылдығы бөліп тұр» - дейді.

Орталық Қазақстанның үлкенді-кішілі Нұра, Талды, Шерубай өзендерінің жағалауларынан Андроновтық тайпалардың мекен-тұрақтары табылған. Табылған заттар Қыш-құмыраларда андроновтықтар «қошқар мүйіз» өрнегімен ыдыс-аяқ бетін әшекейлесе, қазақтар әр түрлі бұйымдарды, үй жиһаздарын безендірген [1].

Пазырық қорғанынан табылған, біздің заманымыздан бұрынғы 2 мың жылдықта жасалынған кілемдер, тұскиіздер, құмыралар, әшекей заттардағы ою - өрнектер үлгілері андронов мәдениетінде қалыптасқан.

Осындай жұмыстарды орындау барысында оң нәтиже алуға ықпал ететін шығармашылық жобалар болып табылады.

Шығармашылық жобалардың оқушылардың белсенділігін арттыруда қолдану мәселесін қарастырған Н.А. Краля [2]. Ол өз зерттеуінде оқу жобаларын оқушылардың оқу іс-әрекетін белсендіретін құралы ретінде оның мәнін, маңызын, құндылығын қара

стырады. Жобалаудың кезеңдері жасалып, жобаны жүзеге асырудың ерекшеліктері зерттелген. Онда тәжірибелік-бағдарлы, зерттеушілік, ақпараттық, шығармашылық деп топтастырады.